

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылық ғылымы академиясының толық мүшесі және корреспондент-мүшесі атақтары үшін төленетін ақының мөлшерін көбейту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 7 сәуір N 276. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.07.08. N 851 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылық ғылымы академиясының толық мүшесі атағы үшін төленетін ақыны айына 10 мың сомға дейін және аталған академиялардың корреспондент-мүшесі атағы үшін төленетін ақыны - айына 5 мың сомға дейін көбейту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылық ғылымы академиясының ұсынысы қабылданын.

2. Атақтар үшін төленетін ақының көрсетілген мөлшері ғылыми-зерттеу жұмыстарына бөлінген бюджеттік қаржы есебінен 1993 жылғы сәуірдің 1-інен енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі мен Қаржы министрлігі көрсетілген мақсатқа қосымша қаржы бөлу мәселесін шешсін.

4. Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылық ғылымы академиясының толық мүшесі және корреспондент-мүшесі атақтары үшін төленетін ақының мөлшерін көбейту туралы" 1992 жылғы 22 шілдедегі N 626 қаулысының күші жойылған деп саналсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі